

«Сыйынар ем Ана деген тәңірге»

Жүргізуші: Аналардың әрбір сөзі, ой талабы.

Жүректің тереңінде сақталады.

Өсіңдер елін сүйген ұландар боп.

Ардақты ана еңбегі ақталады.

Құрметті әжелер, аналар, арулар көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көктем мерекесінің қай кезде орын бөлек. Олай болатыны аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таң мен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса қандай ғанибет. Бүгінгі мерекелік кешіміз де тек аналарға арналады.

Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі

Армысыздар қасиетті аналар- дей отыра, әдемі музыканың ырғағы мен ортаға «Балауса» кіші топ бүлдіршіндерін шақырамыз. Аналарға арнаған таппақтарымызды тамашалаңыздар:

Балсезім: Мені жақсы көреді.

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі

Маған айтып береді.

Мансұр: Біз доспыз гүлдермен

Текке оны жұлмаймыз.

Той күні бір-бірлеп

Аналарға силаймыз.

Би: «Ромашка Аппақ гүлдер» биі.



Жансу, Ардана, Ақбаян, Нұрлы, Айбибі, Айдана.

Жүргізуші: Сондай-ақ балапандарымыздың «Қызыл телпек» ертегісін тамашаланыздар.

Анасы-Айдана, Қызыл телпек-Балсезім, Қасқыр-Айбар, Аңшы-Мирас.



Келесі кезек таппақтарға берейік.

Нұркеңес: Апам менің айым
Қазандағы майым
Егер апам болмаса
Не болады жайым.

Жүргізуші: Енді біздің топтың жігіттері мерекеге байланысты аналарына көмектесіп «Кір жуу» биін билеп береді. (Асқаралі, Нұркеңес, Қасымхан, Омар, Мансұр, Мирас, Мүслим, Амирхан.)

Осымен құрметті қонақтар Сіздерге арналған мерекелік ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Келгендеріңізге көп-көп рақмет. Мейрамнан мейрамға аман-есен жете беріңіздер. Қош сау болыңыздар.

